

БӨЛІМ: ЭССЕ

“Сен де — бір кірпіш, дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!”

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.09.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/162785/>

Аблаким Қарақат Талғатқызы, 11 сынып оқушысы

Менің арманым—менің мақсатым!

Мектеп өмірімен қоштасып, үлкен өмірге аяқ басамыз. Өмір мектебінде кім болсам деген ой болады. Дара тұлға- Абай Құнанбайұлының “Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан...” сөзін еске ала отыра, ғаламдағы әр адам өмірдеөзінің жолын тауып, өз- өзін табуы керек екенінесте сақтау керекпіз. Қазір, 10-шы сынып оқи отырып, өзімді жарқын болашақ күтіп тұрғанына сенемін. Ол үшін өмірдегі ең маңызды таңдаулардың бірі— мамандықты дұрыс таңдау керек. Мен бала кезден журналист болуды армандаймын. Көп ойланып, зерттеп, сараптап, бала арманымды орындаймын деген шешімгекелдім.

Журналист болу жай ғана әуесқойлық немесе арман емес, ол— менің алға қойған басты мақсатым! Қоғамға білім бере отыра, адамдардың пікіріне әсер ету мақсатында ақпарат беріп, әлемде болып жатқан сан түрлі өзгерістерді жеткізгім келеді. Бала кезден әр бағдарламаны күтіп, қызығушылықпен қарап, ізденісте болған ұнайтын. Солайша, өзімнің үлгі тұтар адамымды, Бейсен Құранбекті білдім. Сол кісінің әр жүргізген эфирі, сөздері, жобалары есімде. Шындық пен әділдік алаңында жүрген талантты тележүргізуші бала кезімнен мені таң қалдырып, шығармашылық жолына итермеледі.

Әлбетте, журналистика саласы қоғамды өзгертудің, диалогты ілгерілетудің және танылмаған мәселелерге назар аударудың қуатты құралы бола алады деп ойлаймын. Бұл мамандықты таңдаған адам үнемі білім алуға, сенімділік пен әділеттікке ұмтылуы қажет. Журналист ақпаратты сараптай отыра, кез-келген мәліметті аудиторияға қолжетімді етіп жеткізуге міндетті. Бұл мамандықтың сан түрлі қырлары бар: ол қызықты және табысты адамдармен танысуға, оқиғаларды алуан түрлі көзқарастармен көрсетуге мүмкіндік береді. Журналист жұмысы болмаса, әлемде үлкен үнсіздік пен жалпынадандық орын алар еді.

Менің журналист мамандығын таңдаған басты себебім: тек шындықты жақтап, шындықты іздеп, адамдарға олардың мәселелерін тереңдету арқылы көмектесіп, олармен жақын коммуникация орнатқым келеді. Әрине, бұл себептермен дәрігер не полиция қызметкері болуды таңдасам да болар еді. Алайда, журналистика-шығармашылық мамандық, дәл осы жерде адал әрі бейтарап бола отырып, өз қабілеттім мен армандарыма қол жеткізгім келеді.

Мектепте атақты журналисттер жайлы, бұл мамандық туралы білген сайын, өзімді басқа мамандықтардан көре алмайтынымды анықаңғардым. Журналисттің бойындағы басты қасиеті— әділдік, батылдық пен шешендік деп санаймын. Бұл адамның ой-өрісінін, сөздік қорын, білімін және ар-ұятын қамтиды. Осының бәрі маған бір мезгілде қорқынышты да, шабытты да ұялатады. Бірақ, жоғарда айтылған қасиеттердің бәрін мен өзімнен таба аламын. Иә, бәлкім, мен өз-өзіме тым сенімді және сонымен қатар мықтымын, алайда бұл өз қадамын бастайын деп отырған журналист үшін ең жаман қасиет емес деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, шығармашы Бейсен Құранбектің сөздерімен аяқтағым келеді. “Төртінші кедергі— қорқақтық”- демекші, алдындағы үш кедергі қорқақтықтың қасында оңдай маңызды емес. Адам өз қорқынышын жеңсе, қалаған жетістігіне жете алады. Жарқын болашақ қалаған адамның алдында өте көп кедергілер мен қиындықтар кездеседі. Ал мен осы жолдағы сынақтардан өтуге, мақсатыма жетуге дайынмын! Себебі, ол жай жұмыс емес, менің арманым мен мақсатым!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.